ZHUBANOV UNIVERSITY

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

№5 (425)
31 мамыр
2018 жыл

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

*Астана қаласында өткен "Жастық шақ көк семсердің жүзі емес пе..." атты республикалық жас ақындар айтысында филология факультетінің 2-курс студенті Әлихан Жақсылық жүлдемлі 2-ші орынды иеленді. Киелі өнер додасына Ақтөбе, Екібастұз, Павлодар, Қарағанды, Түркістан, Алматы, Семей қалаларынан бабалар дәстүрін жалғастырып келе жатқан жастар қатысты.*



4

# ӘЛИХАННЫҢ АРМАНЫ – «АЛТЫН ДОМБЫРА»



## Бүгінгі санда



9

ВОЙНА В МОЕЙ СУДЬБЕ



12

ТӘЛІМДІ ШӘКІРТ — ҰСТАЗДАН...



14

НЕСОБЛЮДЕНИЕ ЛИЧНОЙ ГИГИЕНЫ ПРИВОДИТ К ЗАБОЛЕВАНИЯМ

## Айдың айшықты жаңалықтары ● Главные новости месяца ● Top news of the month



## ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ МЕРЕКЕЛІК ШЕРУДЕ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ КӨШІН БАСТАДЫ

**Ақтөбе қаласында 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі күніне арналған «Бірлігіміз жарасқан» атты салтанатты шара өтті.**

Шара қаладағы Әбілқайыр хан даңғылы бойында Қазақстан халқы Ассамблеясы, еңбек ұжымдары, жоғары және орта оқу орындары, партия, қоғамдық және ғылыми-өндірістік бірлестіктер өкілдерінен құралған салтанатты шеруден басталды.

Шерудегі жоғары және орта оқу орындарының көшін Батыс Қазақстандағы ең ірі жоғары оқу орындарының бірі — Жұбанов университеті бастап, шеруде университет Туын белсенді студенттер, «Металлургия» мамандығының 3-курс студенттері Барақ Табиғат, Мағжан Барлыбаев алып жүрді.

Университет мақтаныштары: түрлі спорт жарыстарының 25 халықаралық дәрежедегі чемпиондары, республикалық пәндік олимпиада жүлдегері, республикалық «Start-up» байқауының жеңімпаздары, түрлі дәрежедегі ән, би байқауларының лауреаттары шеруде алдыңғы сапты құрады.

## УНИВЕРСИТЕТ ЖУБАНОВА ВОЗГЛАВИЛ ПРАЗДНИЧНОЕ ШЕСТВИЕ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ

**В городе Актобе прошло праздничное мероприятие «Бірлігіміз жарасқан», посвященное 1 мая – Дню единства народа Казахстана.**

Празднование первомайского мероприятия началось с торжественного шествия по проспекту Абылхаир хана, среди которых были представители Ассамблеи народа Казахстана, трудовых коллективов и средних и высших учебных заведений, почетных граждан области и города, партий, общественных объединений и НПО.

Колонну высших и средне-специальных учебных заведений города возглавлял крупнейший вуз западного региона Казахстана – университет Жубанова. Знамя университета несли студенты-активисты, будущие металлурги Барак Табигат и Магжан Барлыбаев.

В первых рядах колонны университета шли 25 чемпионов международных спортивных соревнований, призеры республиканских предметных олимпиад, победители республиканского конкурса «Start -Up», лауреаты различных конкурсов.

## THE FESTIVE PROCESSION OF EDUCATIONAL INSTITUTIONS WAS HEADED BY K.ZHUBANOV UNIVERSITY

**"Birligimiz Zharaskan" festive action devoted to May 1 – the Day of Unity of the Peoples of Kazakhstan took place in Aktobe.**

The celebration of May Day started with a solemn procession of representatives of Assembly of the Peoples of Kazakhstan, labor collectives and secondary and higher educational institutions, honorable citizens of the region and the city, parties, public associations and NGO along Abulkhair khan Avenue.

The column of the higher and specialized secondary educational institutions of the city was headed by the largest higher education institution of the western region of Kazakhstan – K.Zhubanov University. The banner of the university was carried by student activists, future metallurgists Barack Tabigat and Magzhan Barlybayev.

25 champions of international sports competitions, prize-winners of the republican subject Olympiads, winners of "Start-Up" republican competition, winners of various song and dance contests headed the column of the University.

## МЕРЕКЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ КЕШ ӨТТІ

**Студенттер сарайында 7 мамыр – Отан қорғаушылар және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған «Өткенге тағзым! Отан тағдыры сенімді қолда!» мерекелік кеші өтті.**

Мерекелік кеште сөз сөйлеген университет ректоры Бауыржан Ердембеков атаулы күндердің маңызының жоғары екенін атап өтіп, «Жастардың болашағы, бақыты үшін жанын берген, қан төккен соғыс ардегерлерінің даңқы еш уақытта өшпейді! Ер жүрек батырлардың қаһармандық ісі жастарға мәңгі үлгі»,- деді, ректор.

Осы маңызды мерекелер аясында Бауыржан Аманкелдіұлы білім беру саласында қол жеткізген еселі еңбектері үшін «Жұбанов университеті» медалімен бірқатар педагог ер азаматтарды марапаттады.



## МАЙСКИЕ ТОРЖЕСТВА В УНИВЕРСИТЕТЕ

**В канун праздников 7 мая – Дня защитника Отечества и 9 мая – Дня Победы во Дворце студентов университета Жубанова состоялось праздничное мероприятие под названием «Өткенге тағзым! Отан тағдыры сенімді қолда!».**

Ректор университета Бауыржан Ердембеков искренне поздравил всех присутствующих с праздниками и отметил, что уважение к ветеранам должно быть таким же великим, как и их подвиг. «В нашей памяти всегда останутся героические подвиги героев Великой Отечественной войны»,- сказал ректор.

В преддверии праздников ряд мужчин-педагогов был награжден медалями «Университет Жубанова».

## A FESTIVE EVENT

**On the eve of May 7 – the Defender of the Fatherland Day and May 9 – the Victory Day "Otkenge tagzym! Otan tagdyry senimdi kolda!" festive event was held in K. Zhubanov University.**

Rector of the University Bauyrzhan Yerdembekov sincerely congratulated all attendees on the holidays of May 7 – the Defender of the Fatherland Day and May 9 – the Victory Day and noted that the respect for veterans has to be as great as their feat. "Heroic feats of the Heroes of the Great Patriotic War will be always present in our memory!", the Rector said.

A number of male lecturers were awarded with "Zhubanov University" medals.

## ПРОФЕССОР БАЯН БОРАШ 80 ЖАСҚА ТОЛДЫ

**Жұбанов университетінде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Бораш Баян Тәліпұлының 80 жылдық мерейтойына орай «Рухани жаңғыру: әдеби мұра және ұлттық құндылықтар» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.**

Конференция барысында университет ректоры, профессор Бауыржан Ердембеков мерейтой иесін құттықтап, «Университетті дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісін табыстады.

Сонымен қатар пленарлық мәжілісте республикаға танымал ғалымдардың баяндамалары тыңдалды.



## ПРОФЕССОРУ БАЯНУ БОРАШУ 80 ЛЕТ

**В университете Жубанова в рамках Программной статьи Президента Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» прошла Республиканская научно–практическая конференция «Духовное возрождение: литературное наследие и национальные ценности», посвященная 80-летию доктора филологических наук, профессора Баяна Бораша.**

В ходе конференции ректор университета Жубанова профессор Бауыржан Ердембеков, поздравив юбиляра, вручил ему медаль «За труд в развитии университета Жубанова».

На пленарном заседании конференции были заслушаны доклады ученых – профессоров казахстанских университетов.

## PROFESSOR BAYAN BORASH IS 80 YEARS OLD

**Within the Program article of President N.A.Nazarbayev "A prospection: modernization of public consciousness" the Republican scientific and practical conference "Spiritual revival: the literary heritage and national values", devoted to the 80th anniversary of Doctor of Philology, professor Bayan Borash was carried out at K.Zhubanov University.**

During the conference Rector of K.Zhubanov University professor Bauyrzhan Yerdembekov congratulated the hero of the anniversary and handed him the medal "For Work on the Development of K. Zhubanov University".

At the plenary session of the conference reports of of Kazakhstan universities scientists were made.




## АҚТӨБЕДЕ «ЖҰБАНОВ КӨКТЕМІ - 2018» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАСТАР ФОРУМЫ ӨТТІ

**Ағайынды Жұбановтар дүниеге келген қасиетті Ақтөбе жерінде жыл сайын өткізілетін бұл шараны биыл Жұбанов университеті ұйымдастырды.**

«Жұбанов көктемі - 2018» Республикалық жастар форумы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы және Астана қаласының 20 жылдығына арналды. Форумға Қазақстанның барлық облыстарынан 100-ге жуық делегаттар қатысты.

Жастар форумы аясында «JUBANOV CUP» республикалық пікірсайысы турнирінің іріктеу ойындары өтіп, оның қорытындысында жүлдегерлер ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Атап айтқанда, 1 орынға -100 мың, 2 орынға - 80 мың, 3 орынға - 60 мың теңгенің сертификаттары табысталды.

Шарада ректор Бауыржан Ердембеков оқуда озат және белсенді 9 студенттің кеудесіне «Үздік студент» төсбелгісін қадады.

Аталмыш шарада университеттің әр саласы мамандықтарында оқитын талантты студенттерді қолдап, шабытына қамшы болатын бірегей бастамалардың бірі ретінде шығарылған «Жас қаламгер» атты жас ақындар шығармалар жинағының тұсауы кесілді.

«Жұбанов көктемі - 2018» Республикалық жастар форумы Білім алаңында Гала-концертпен аяқталды.

## В АКТОБЕ ПРОШЕЛ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ МОЛОДЕЖНЫЙ ФОРУМ «ЖУБАНОВСКАЯ ВЕСНА – 2018»

**В этом году организатором данного мероприятия, проведенного на родной земле братьев Жубановых, выступил университет Жубанова.**

Республиканский молодежный форум «Жубановская весна – 2018» был посвящен программной статье Президента Н.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и 20-летию Астаны. Всего в форуме приняли участие более 100 делегатов из всех регионов Казахстана.

В рамках форума прошли отборочные игры республиканского дебатного турнира «JUBANOV CUP», победители которого были награждены денежными призами.

В конце мероприятия ректор Бауыржан Ердембеков вручил медали «Лучший студент» 9 отличникам и студентам-активистам. А также состоялась презентация литературного сборника «Молодой писатель».

Республиканский молодежный форум «Жубановская весна – 2018» закончился Гала-концертом на Площади знаний университета.

## "ZHUBANOV SPRING – 2018" REPUBLICAN YOUTH FORUM TOOK PLACE IN AKTOBE

**This year Zhubanov University the event carried out at the home land of Zhubanov Brothers was organized by K.Zhubanov University.**

"Zhubanov Spring — 2018" republican youth forum was devoted to the program article of President N.Nazarbayev "A prospection: modernization of public consciousness" and to the 20th anniversary of Astana. In total more than 100 delegates from all regions of Kazakhstan participated in the forum.

Within the forum the qualifying games of "JUBANOV CUP" republican debate tournament were held the winners of which were awarded with monetary prizes.

At the end of the action Rector Bauyrzhan Yerdembekov handed "The Best Student" medals to 9 exemplary students and student activists. The presentation of the "Young Writer" literary collection was made.

"Zhubanov Spring — 2018" republican youth forum ended with the Gala concert at the University Square of Knowledge.



## Ай адамы   Человек месяца   Person of the month

# Әлиханның арманы – «Алтын домбыра»




(Соңы. Басы 1-бетте)

Жас ақындар айтысы Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 160 жыл, Халел Досмұхамедұлының туғанына 135 жыл, Әміре Қашаубаевтың туғанына 130 жыл толуына орай және Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына сәйкес ұйымдастырылды.Әлихан ақынның бұл кезекті жүлдесі, дегенмен әр жүлде жыр әлемінің көгіне жетелейді. Айтыскер сөз шешендігі мен көркемдігінің шыңына жеткенде оның қолына «Алтын домбыра» табысталады. Жас ақын осы биікті бағындырсам дейді.

### АЛҒАШҚЫ АЙТЫС, ӨНЕРГЕ БАУЛЫҒАН ҰСТАЗ

Әлихан алғаш рет айтысқа 17 жасында шықты. Мектептің атынан қатысты. Облыстық халық шығармашылығы үйінде өткен кеште Жұбанов университетінің студенті Қайрат Жарасқанмен айтысты. Сол күні бойында бар ақындық талапты әрі дамытуға болатынын түсінді. Бала ақынды Оралбай Каметия бауырына алып, тәрбиеледі. Құрмет тұтатын ақын ағасынан Әлихан екі жыл бойы айтыстағы тактика, отты жауап, өзара қағысу, актерлік шеберлік әдістеріне үйренді.. Ал алғашқы айтыста айтқан шумақтары жадында сақталып қалды.

### АЙТЫСТЫҢ АҚЫНҒА БЕРЕРІ КӨП

Ақындардың бәрі айтыскер бола алмайды. Бірақ, айтыстың ақынға берері көп. Айтыс ақынды тез танымалдайды, тез шыңдайды. Ширақтыққа баулиды, жан-жақтылыққа талпындырады, дүниетанымды байытады. Айтыс ақынына жүктелетін әлеуметтік жауапкершіліктен Әлихан тайсалмайды, тіпті айтысқа кеш келдім деп ойлайды, өйткені Жамбыл мен Шернияз ақын мойнына артылар салмақты бала кезден көтерген ғой.

...Былтыр Әлихан Жақсылық Алтын домбыра иегері Аспанбек Шұғатаевпен айтысқаннан кейін көрермен көзіне түсіп, ықыласын аударды. «Аспанбек аға өз шеберлігімен бөлісіп, менің республикалық деңгейге шығуыма ықпал етті, осы күнге дейін ақыл-кеңесін бүгіп қалмайды. Қазіргі айтыстардың көбі аламан түрінде өтеді. Мен де аламан айтысқа төселіп келемін»,- дейді жас айтыскер.

### ӨНЕРДЕГІ ТАЗАЛЫҚ, КІТАПҚҰМАРЛЫҚ, ТІЛЕУЛЕСТЕР ЖАЙЛЫ...

Материалдық қызығушылық өнерге жат. Әлихан жас та болса осыны дұрыс түсінеді. Сондықтан өнерін таза ұстағысы келеді. Тойларда беташар, арнау айтып, табыс табуға шақыруларды қабылдамайды. Бойындағы өлеңмен өрілген өнері сұйылып кетер деп, ақындық абыройына сызат түсіріп алуға қорқады.

Абай атамыз «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңінде:

Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден,-

деген ғой. Расында, жаһанға жар салмай-ақ, бір қалыпта жүріп, өнеріңе адал болсаң халық өзі көтереді жоғары. Менің замандастарымның ішінде өнерге жақындары көп. Тамаша әншілер, күйшілер, арасынан өнерінен күнкөрісін артық қойғандарын көрмеппін. Өнерлі жастардың жолында қамқор жандар көп жолықса екен деп тілеймін»,- дейді, Әлихан ақын.

Әлихан – кітапқұмар. Бос уақытында кітап оқиды. «Мағауинды, Оралханды, Кекілбаевты оқимын. Өнердегі менің ең жақын ұстазым кітап, ең үлкен көмекшім де кітап»,- деген ойда ол. - Оқу орным, ұстаздарым мені үнемі қолдайды. Жарыстардан қалдырмайды. Дайындалуыма жағдай жасайды. Үйдегі ата-анам да ақыл қосып, баптап отырады. Сондықтан айтыс сахнасына көтерілгенде соларды қуантсам екен деген ізгі мақсат пен тілек тұрады көңілімде».

**Гүлнара ҚАРАША**



Айдың айшықты жаңалықтары | Главные новости месяца | Top news of the month

## АЛҒА ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР ҮЙІ ӨНЕРПАЗДАРЫ УНИВЕРСИТЕТТЕ КОНЦЕРТ ҚОЙДЫ

**Жас өнерпаздардың концертін тамашалауға университет ректоры Бауыржан Ердембеков те келді.**

«Бақытты балалық шақ» деп аталған концерте балалар танымал ретро әндерді шырқап, қазақ, орыс ұлттық билерін орындады. Студенттер сарайына жиналған көрермен өнерлі өрендердің талanттарына ризашылық білдіріп, қол соғып, қошемет көрсетті.

Концерт соңында ректор Бауыржан Аманкелдіұлы сөз алып: «Осымен екінші рет балалардың өнерін тамашаладық. Университет Алға облыстық балалар үйімен тығыз байланыста. Ғылыми кеңестің шешімімен биылғы екі түлекке төрт жылдық тегін оқуға мүмкіндік беретін арнайы Құдайберген Жұбанов атындағы грантты бөліп отырмыз. Сонымен бірге бүгінгі концертте өнер көрсеткен балаларға әрі қарай талanттарын шыңдау үшін көмек ретінде тағы да 250000 теңгенің сертификатын тапсырғымыз келеді», - деді.

«Алға облыстық балалар үйі» мемлекеттік мекемесінің директоры Кенжеғазы Байғазин көрсетілген құрметке алғысын айтып, оқу орнымен байланыс көп жылдардан бері жалғасып келе жатқанын, Жұбанов университеті мемлекет қамқорлығындағы балаларға ылғи да көңіл бөліп, олардың азамат болып жетілуіне қолдау көрсететінін атап өтті.

## ВОСПИТАННИКИ ДЕТСКОГО ДОМА ПОДАРИЛИ КОНЦЕРТ ПЕДАГОГАМ

**На концерт молодых талантов «Счастливое детство» пришел ректор университета Бауыржан Ердембеков.**

В ходе мероприятия дети исполняли известные ретро песни, казахские и русские народные танцы. Довольные зрители несмолкающими аплодисментами приветствовали и провожали каждое выступление артистов.

После концерта ректор Бауыржан Ердембеков сказал: «Мы уже во второй раз являемся свидетелями прекрасных выступлений детей. Университет Жубанова тесно сотрудничает с Алгинским областным детским домом. И сегодня решением Научного совета университета мы хотим вручить двум выпускникам данного дома специальный грант на обучение им.К.Жубанова. А также от имени университета в знак благодарности хочу вручить вам этот сертификат на 250 тысяч тенге».

Директор государственного учреждения «Алгинский областной детский дом» Кенжегазы Байгазин, поблагодарил руководство университета за предоставленную возможность и подчеркнул, что связь между их домом и университетом Жубанова существует уже на протяжении многих лет. Он также отметил, что университет постоянно уделяет внимание детям, которые остались на попечении государства.



## TALENTED CHILDREN OF ALGA REGIONAL ORPHANAGE PERFORMED A CONCERT AT K.ZHUBANOV UNIVERSITY

**Rector of the University Bauyrzhan Yerdembekov came to the concert of young talents "The happy childhood".**

During the action the children sang well known retro songs, performed Kazakh and Russian national dances. The happy audience welcomed each participant of the concert.

After the concert Rector Bauyrzhan Yerdembekov said, "It is the second time we have watched the children's wonderful performance. K.Zhubanov University closely cooperates with Alga regional orphanage. And today by the decision of the Scientific Council of the University we want to give special educational grants for training in K.Zhubanov to two graduates of the orphanage. And also I want to hand you this certificate for 250 thousand tenge on behalf of the University as a token of gratitude".

The director "Alga regional orphanage" public institution Kenzhegazy Baygazin thanked the management of the University for the given opportunity and emphasized that the links between the orphanage and K.Zhubanov University have existed for many years. He also noted that the University constantly pays attention to the children in care of the state.

## ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ОҚУ ҒИМАРАТЫНА ДОСЖАН ҚАШАҚҰЛЫНЫҢ ЕСІМІ БЕРІЛЕДІ

Бұл жөнінде Жұбанов университетінің ректоры Бауыржан Ердембеков Студенттер сарайында өткен «Қоғамдық сананы жаңғырту және дәстүрлі рухани білім мәселелері» тақырыбындағы Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөйлеген сөзінде мәлімдеді. Ол «Мешітмедреселер салып, талай қазақтың көзін ашқан Досжан Қашақұлына университетімізде бүгін осы конференция аясында арнайы оқу кабинеті ашылады. Болашақта тарихшылар мен теологтар оқитын тарих факультетінің ғимаратына Досжан хазірет атын беру мәселесі Ғылыми Кеңеске ұсынылды»,- деді.

Конференциядағы құттықтау сөзінде, сондайақ ректор Бауыржан Ердембеков Жұбанов университеті республикада алғашқылардың бірі болып, оқу процесіне бакалавриат деңгейіндегі мамандықтардың барлығына 2 кредит көлемінде «Дінтану» элективті пәнінің енгізілгені туралы атап өтті.

Конференция Ақтөбе облыстық «Нұрғасыр» мешіті мен Ақтөбе медресе-колледжінің 10 жылдықтарына арналды және бұл ғылыми бас қосу ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде Жұбанов университетінде ұйымдастырылды.

Пленарлық мәжілістен кейін тарих факультетінің ғимаратында қатысушылар діни ағартушы, ұстаз, қоғам қайраткері Досжан хазірет атындағы арнайы оқу кабинетінің ашылу рәсіміне қатысты.

## ИСТОРИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ УДОСТОЕН ИМЕНИ ДОСЖАНА КАШАКУЛЫ

Об этом сообщил ректор университета Жубанова Бауыржан Ердембеков на научно-практической конференции «Модернизация общественного сознания и проблемы традиционного духовного образования», которая прошла во Дворце студентов. «Досжан Кашакулы построил мечети и медресе. О присвоении имени Досжана хазрета историческому факультету, который в будущем будет готовить религиоведов, теологов и историков, было предложено на Научном совете» — сказал он в своем слове.

Конференция, посвященная 10-летию открытия Актюбинской мечети «Нұрғасыр» и медресе-колледжа, организована в университете Жубанова в рамках программы «Духовное возрождение».

Ректор университета Бауыржан Ердембеков, выступивший с приветственной речью, отметил, что университет Жубанова является одним из первых в республике, который ввел в учебный процесс бакалавриата элективную дисциплину «Религиоведение» в размере 2 кредитов.

После пленарного заседания все участники конференции приняли участие на торжественном открытии специализированного учебного кабинета исторического факультета.

## THE ACADEMIC BUILDING OF DEPARTMENT OF HISTORY WILL BE NAMED AFTER A WELL KNOWN SCHOLAR OF THE RELIGION, A TEACHER, A PUBLIC FIGURE DOSZHANKASHAKULY

Rector of K.Zhubanov University Bauyrzhan Yerdembekov informed about it at the scientific and practical conference "Modernization of Public Consciousness and Problem of Traditional Spiritual Education" which took place in the Palace of Students. "Doszhan Kashakuly built mosques and madrasahs. The assignment of Doszhan hazret's name to the Department of History which in the future will be training scholars of the religion, theologians and historians was offered at the Scientific Council meeting", he said.

The conference devoted to the 10th anniversary of opening of Aktobe mosque "Nurgasyr" and Madrasah College was organized at K. Zhubanov University within the Spiritual Revival program.

The welcoming speech was made by Rector of the University Bauyrzhan Yerdembekov. He emphasized that K. Zhubanov University is one of the first in the republic which has entered "Religious studies" elective discipline equal to 2 credits into the educational process of a bachelor degree.

After the plenary meeting all conferees took part in opening of the specialized classroom at the Department of History.

Айдың айшықты жаңалықтары ● Главные новости месяца ● Top news of the month

## РОБОТОТЕХНИКА САЛАСЫН ДАМЫТУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН АЛҒЫС ХАТПЕН МАРАПАТТАЛДЫ

**Жұбанов университетінің спорт кешенінде ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында республикалық робототехника бойынша ғылыми-техникалық жобалар байқауының іріктеу турнирі өтті.**

Турнирге облыс көлемінен «KazRoboSport» және «KazRoboProject» бағыттарынан барлығы 9-21 жас аралығында 100-ге жуық адам қатысты.

Шараның ашылу салтанатында университет ректоры Бауыржан Ердембеков өз кезегінде робототехника саласы бойынша өткізіліп отырған турнирдің маңыздылығына тоқталып, турнирге қатысқан жастарды Жұбанов университетінің студенттері қатарынан көргісі келетінін айтты.

«ҚазРоботикс» Федерациясының вице-президенті Александр Гончаров іріктеу турнирінің ашылуымен қатысушыларды құттықтап, университет ректоры Бауыржан Ердембековке салтанатты түрде «ҚазРоботикс» Федерациясы атынан робототехника саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хатын табыстады.

## БЛАГОДАРСТВЕННОЕ ПИСЬМО ЗА РАЗВИТИЕ РОБОТОТЕХНИКИ

**В спорткомплексе университета Жубанова, в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру» состоялся Актюбинский областной отборочный турнир республиканского конкурса научно-технических проектов по робототехнике. Турнир проходил по двум дисциплинам: «KazRoboSport» и «KazRoboProject».**

В турнире приняли участие более 100 человек в возрасте 9-21 года.

На открытии мероприятия также принял участие ректор университета Жубанова Бауыржан Ердембеков. В своем приветственном обращении он отметил важность проведения турнира по робототехнике. По его словам, для молодых участников робототехника является одной из составляющих их будущей профессии. Также ректор отметил, что университет Жубанова будет рад видеть участников турнира в рядах своих будущих студентов.

С началом отборочного турнира по робототехнике поздравил участников вице-президент Федерации «КазРоботикс» Александр Гончаров. В ходе открытия данного турнира Александр Сергеевич от имени Федерации «КазРоботикс» торжественно вручил ректору университета Жубанова Бауыржану Аманкельдиевичу благодарственное письмо, за сотрудничество и содействие в развитии области робототехники.



## RECEIVES THE LETTER OF THANKS FOR COOPERATION AND ASSISTANCE IN THE DEVELOPMENT OF ROBOTICS SPHERE

**Within implementation of "Rukhani Zhangyru" program Aktobe regional qualifying tournament of the Republican competition of scientific and technical projects in robotics took place in the sport complex of K. Zhubanov University today. The tournament was held in two disciplines, such as "KazRoboSport" and "KazRoboProject".**

More than 100 people aged from 9 to 21 participated in the tournament.

Rector of the University Bauyrzhan Yerdembekov took part in the opening ceremony. In the welcome address he emphasized the importance of holding the tournament in robotics. According to him, for young participants robotics is one of components of their future profession. Also the Rector noted that K. Zhubanov University will be glad to see the participants of the tournament as the future students.

The vice-president of "Kazrobotiks" Federation Alexander Goncharov congratulated the participants on the beginning of the qualifying tournament in robotics. Alexander Sergeyevich solemnly handed the Letter of Thanks for cooperation and assistance in the development of robotics sphere to Rector of the University Bauyrzhan Amankeldiyevich.




## РЕСЕЙЛІК ПРОФЕССОР АЛЕКСЕЙ ТЯПУХИН МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ЗАМАНУИ ӘДІСТЕРІН ҮЙРЕТТІ

**Халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында экономика және құқық факультетінің «Экономика және менеджмент» кафедрасына Самара университетінің (РФ) кафедра меңгерушісі экономика ғылымдарының докторы, профессор Алексей Тяпухин шақырылды.**

Профессор Тяпухин сәуір айының 16-28 жұлдызы аралығында екі апта бойына «Менеджмент» және «Экономика» мамандығының студенттері үшін «Инвестициялық менеджмент», «Инновациялық менеджмент» пәндері бойынша сабақ жүргізіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптары бойынша магистранттарға кеңес берді.

Сапар барысында ресейлік ғалым Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы өңір өнеркәсібі дамуының негізгі бағыттары және дағдарысқа қарсы басқару» тақырыбындағы өңірлік ғылыми-семинарға қатысты. Сондай-ақ профессормен қос дипломды білім беруді ұйымдастыру, академиялық ұтқырлық бағдарламасы мен бірлескен ғылыми жобалар ынтымақтастығын әрі қарай дамыту жөніндегі жоспарлар талқыланды.

## ПРОФЕССОР АЛЕКСЕЙ ТЯПУХИН ОБУЧАЛ СОВРЕМЕННЫМ МЕТОДАМ МЕНЕДЖМЕНТА

**В рамках программы международной академической мобильности на кафедру «Экономика и менеджмент» факультета экономики и права был приглашен заведующий кафедрой Самарского университета (РФ), доктор экономических наук, профессор Алексей Тяпухин.**

С 16 по 28 апреля 2018 года профессор Тяпухин вел занятия по дисциплинам «Инвестиционный менеджмент», «Инновационный менеджмент» для студентов специальности «Экономика» и «Менеджмент», консультировал магистрантов по темам научно-исследовательской работы.

Во время своего визита российский ученый принял участие в региональном научном семинаре «Основные направления развития промышленности региона и антикризисное управление в условиях четвертой промышленной революции». Также с гостем обсуждались планы на будущее по организации двухдипломного образования, дальнейшему развитию программы академической мобильности, сотрудничеству в совместных научных проектах и т.д.

## PROFESSOR ALEXEY TYAPUKHIN TRAINED IN MODERN METHODS OF MANAGEMENT

**Within the program of international academic mobility the head of the department of Samara University (Russian Federation), Doctor of Economics, professor Alexey Tyapukhin has been invited to Economy and Management department of Faculty of Economy and Law.**

From April 16 to April 28, 2018 professor Tyapukhin conducted classes in "Investment management", "Innovative management" for students majoring in "Economy" and "Management", advised Master's students on research topics.

During the visit the Russian scientist participated in the regional scientific seminar "The main directions of development of the industry of the region and anti-crisis management in conditions of the fourth industrial revolution". Plans for the future on the organization of two-degree education, further development of the program of academic mobility, cooperation in joint scientific projects, etc. were also discussed with the guest.

## ЧЕМПИОН ҚЫЗҒА ҚОШЕМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

**Жуырда «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1-курс студенті Таисия Дьяченко Финляндияның Вантаа қаласында өткен Әлем чемпионатында пауэрлифтингтен әлемдік рекордты жаңартып, абсолюттік чемпион және әлемдік рекордшы атанған болатын-ды.**

Университеттің бас ғимаратында профессор- оқытушылар құрамы мен студенттер Таисия Дьяченконы зор қошеметпен қарсы алды. Салтанатты рәсімге Ақтөбе облыстық әкімшілігінің өкілдері де қатысты.

Аталмыш шарада сөз сөйлеген университет ректоры, профессор Бауыржан Ердембеков Таисия Дьченконы жеңісімен құттықтап, 2018-2019 оқу жылына арналған Қ.Жұбанов атындағы білім грантын табыстады.

Өз кезегінде Таисия Дьяченко спорт саласына қызығушылығы қалай басталғанын жеткізіп, алдағы жоспарларымен бөлісті. Чемпион қыз ерекше құрметпен қарсы алған жанкүйерлеріне, үлкен ілтипат пен қошемет көрсеткен қауымға шексіз алғысын білдірді.

## ЧЕВСТВОВАНИЕ ЧЕМПИОНКИ

**Недавно студентка 1 курса специальности «Физическая культура и спорт» университета Жубанова Таисия Дьяченко стала чемпионкой мира по пауэрлифтингу в абсолютном зачете на Чемпионате мира в Финляндии, г.Вантаа.**



Перед главным корпусом университета Таисию Дьяченко с большим почтением встретили сотрудники областного акимата и профессорско-преподавательский состав университета.

В своем поздравительном слове ректор университета Жубанова Бауыржан Ердембеков, поздравив Таисию, вручил ей сертификат на образовательный грант имени К.Жубанова на 2018-2019 учебный год.

В свою очередь Таисия поблагодарила всех присутствующих за поддержку и поделилась дальнейшими планами.

## K. ZHUBANOV UNIVERSITY MEETS A SPORTS STAR

**Recently the first-year student majoring in "Physical Culture and Sport" of K. Zhubanov University, Taisiya Diatchenko became the world champion in powerlifting in the final standing in the World Cup in Finland, Vantaa.**

Taisiya Diatchenko was honorably met by the staff of the regional akimat and the teaching staff of the University in front of the main building of the University.

Rector of K. Zhubanov University Bauyrzhan Yerdembekov congratulated Taisiya and gave her the certificate of K. Zhubanov educational grant for 2018-2019 academic year.

In turn Taisiya thanked all attendees for support and shared further plans.



## МАҚСАТ — ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ

**Студенттер сарайында педагогикалық емес мамандықтар бойынша университет бітірушілерін жұмыспен қамту мақсатында 50-дан астам кәсіпорын және мекеме өкілдерімен кездесу өтті.**

Кездесуде университет ректоры Бауыржан Ердембеков биылғы университет бітіруші түлектерді 90% жұмысқа орналастыру көзделіп отырғандығын атап өтті. Түлектерді жұмыспен қамтудың өткен жылғы көрсеткіші 75% құраған.

Кездесуде техника, жаратылыстану, экономика, тарих, шетел тілдер факультеттерінің декандары болашақ мамандардың біліктілік сипаттамасы туралы мағлұматпен бөлісті. Ал, жұмыс берушілер бітіруші түлектерге өз саласындағы жұмыспен қамтудың негізгі бағыттары туралы айтып берді, олардың ішінде: ҚР Ақтөбе облыстық «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары, Дәмелі Кунанова, «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ маманы Асем Жолмұратова, Жұбанов университетінің түлегі, «ГидроЭкоРесурс-L» ЖШС директоры Ануар Ембергенов те бар.

Кездесуден кейін шара бітіруші-түлектерді жұмысқа орналастыру жәрмеңкесімен жалғасты.

## ЦЕЛЬ – ТРУДОУСТРОЙСТВО ВЫПУСКНИКОВ

**Во Дворце студентов прошла встреча с представителями более 50-ти предприятий с целью трудоустройства выпускников непедагогических специальностей.**

Все выпускники текущего года педагогических специальностей уже распределены на рабочие места. Следующая цель – полное распределение специалистов непедагогических специальностей.

Ректор университета Б.Ердембеков, поблагодарив всех работодателей за содействие в трудоустройстве, отметил, что в этом году планируется трудоустроить 90 процентов выпускников этого года. В прошлом году этот показатель был равен 75 процентам.

В ходе данного мероприятия деканы технического, экономического, исторического факультетов, факультета естествознания и факультета иностранных языков дали полное описание квалификации будущих специалистов. Об основных направлениях обеспечения трудовым местом рассказали работодатели, среди которых были заместитель директора Национальной палаты предпринимателей «Атамекен» по Актюбинской области Дамели Кунанова, специалист КГУ «Центр занятости населения» Асем Жолмуратова, директор ТОО «ГидроЭкоРесурс-L», выпускник университета Жубанова Ануар Ембергенов.

По окончанию встречи прошла ярмарка вакансий для выпускников, в ходе, которого все участники обменялись мнениями, работодатели забрали с собой заинтересовавшие резюме для дальнейшего рассмотрения.

## TARGET EMPLOYMENT GRADUATES

**A meeting with representatives of over 50 enterprises for the purpose of employment of graduates of not pedagogical specialties took place in the Palace of Students.**

All graduates of pedagogical specialties of the current year have been already provided with jobs. The following purpose is full job placement of experts of not pedagogical specialties.

Rector of the university B.Yerdembekov thanked all employers for assistance in employment, and noted that this year it is planned to employ 90 percent of graduates. Last year this indicator was equal to 75 percent.

During this action deans of Technical, Economic, Historical faculties, faculty of Natural Sciences and Faculty of Foreign Languages presented a complete description of qualification of future experts. The employers including the deputy director of "Atameken" National Chamber of Businessmen for the Aktobe region Dameli Kunanova, a specialist of "Jobcenter" KGU Asem Zholmuratova, the director of "GidroEcoResurs-L" LLP, a graduate of K. Zhubanov University Anuar Embergenov spoke about the main directions of job provision.

At the end of the meeting a vacancy fair for graduates, in the course of which all participants exchanged opinions was organized. The employers took the resumes that interested them for further consideration.

**Айдың айшықты жаңалықтарын дайындаған
Сандуғаш ДҮЙСЕНБАЕВА**

Zhubanov University

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІС – ТАРИХТА МӘҢГІ ҚАЛҒАН КҮН. ҚАНДЫ СОҒЫСТЫҢ АЛҒЫ ШЕПТЕРІНДЕ ҚАЙСАРЛЫҚПЕН ШАЙҚАСЫП, ЕРЛІКПЕН ҚАЗА ТАПҚАН БАТЫРЛАРДЫҢ РУХЫНА ТАҒЗЫМ ЕТІЛІП, ЕЛГЕ АМАН ОРАЛУ БАҚЫТЫ БҰЙЫРҒАН АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛЕТІН КҮН. БҰЛ МЕЙРАМ – ТАҒДЫРЛАРЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНА ТҰС КЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ЕҢСЕСІНІҢ КӨТЕРІЛГЕН КҮНІ. БҰЛ МЕРЕКЕ МАЙДАННАН ЖАҚЫНЫН КҮТКЕН, ТЫЛДА ЖАНКЕШТІ ЕҢБЕК ЕТКЕН БАРЛЫҚ ЖАННЫҢ ЖАНАРЛАРЫНАН ҚУАНЫШ ЖАСЫ ТӨГІЛГЕН КҮН. БҰЛ КҮН СОҒЫСТЫҢ САРҒАЙҒАН ПАРАҚТАРЫН АҚТАРА ОТЫРЫП, БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕЙТІН МАҢЫЗДЫ МЕРЕКЕ.

# Жеңіс



## ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ

9 мамыр күні Ақтөбе қаласында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 73 жылдығына орай салтанатты шаралар өтті. Ең алдымен Есет батыр көшесіндегі «Мәңгілік алау» мемориалды кешенінде облыс, қала басшылығы, соғыс және тыл ардагерлері, жалпы жұртшылық қатысқан мерекелік митинг өтіп, гүл шоқтарын қою рәсімі жасалды. Одан соң шара қазақтың даңқты қызы, Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың мемориалды кешенінде жалғасты. Ағайынды Жұбановтар көшесінде орналасқан кешендегі мерекелік шараны Жұбанов университеті ұйымдастырды. Батыр қыз Әлияның рухына тағзым ету үшін кешен алдындағы алаңға облыс басшысы Бердібек Сапарбаев, облыстық мәслихатының хатшысы Сания Қалдығұлова, Ақтөбе қалалық әкімдігі өкілдері, қалалық мәслихатының хатшысы Слупан Шынтасова, жоғары оқу орындары ректорлары, депутаттар, ардагерлер, қалалық мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар өкілдері, сондай-ақ қала тұрғындары келді. Алдымен бір минут үнсіздік жасалып, гүл шоқтарын қою рәсімі басталды. Жұбанов университетінің құрмет гүлін университет ректоры Бауыржан Ердембеков пен профессор Халел Кусаинов алып жүрді. Университеттің өнерпаздары соғыс жылдарындағы әндерден концерт қойды. Әрі қарай ерлікке тағзым етуші топ Батырлар аллеясын аралады.

Мәңгілік полк» шеруіне Жұбанов университетінің «INVO» еріктілер бірлестігі белсенділері және түрлі мамандықта оқитын студенттер тобы да қатысты. Олар




қолдарына майдангер аталарының портреттерін алып шықты. «Мәңгілік полк» шеруі облыс әкімдігінен басталып, «Қазақ халқына мың тағзым» стелласының жанына дейін жалғасты. Жолшыбай әр аялдамада соғыс көріністерін бейнелейтін сахналанған көріністер көрсетілді.

**Гүлнара ҚАРАША**

## РЖЕВТЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАУЫНГЕРЛЕРГЕ ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ

**8 мамыр, сейсенбі күні Тверь облысының Ржев қала сында Жеңіс күні қарсаңында қайта жөндеуден кейін қазақ стандық жауынгерлердің 100-ші және 101-ші атқыштар бри гадасының мемориалдық кешені ашылды.**

Іс-шараға облыс әкімі Бердібек Сапарбаев бастаған Ақтөбе облысының делегациясы қатысты. Оның құрамына Ауған соғысының жауынгер-интернационалистері қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Ржев шайқасының қатысушысы Балқасын Кенжеғариннің немересі Аслан Балқасынов, Ржев шайқасының қатысушысы Ермак Кужиевтің қызы Әлима Кужиева, Әлия мен Мәншүк атындағы «Қосшынар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ғалымжан Байдербес, жазушы Мейірхан Ақдәулет-ұлы мен тағы басқалар кірді.

Салтанатты шараға сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Иманғали Тасмағамбетов, Тверь облысының губернаторы Игорь Руденя, «Ростех» қалалық корпорациясының бас директоры С.Чемезов, Еуразиялық банкінің басқарма төрағасы А. Бельянинов, ардагерлер, тыл еңбеккерлері, қазақстандық студенттер мен қалат ұрғындары да қатысты.

Ржев жері Қазақстан халқына қасиетті. Осы жерде 1942 жылы желтоқсанда Алматы мен Ақтөбе қалаларында құрылған 100 және 101 атқыштар бригадаларының сарбаздары шексіз даңққа бөленді. Жауынгерлік операция кезінде қазақстандық дивизия өз жеке құрамының 80%-ға жуығын жоғалтты, бірақ өздеріне жүктелге миссияларын орындады.

2010 жылы Мемлекет бас шысының тапсырмасы бойын ша Ұлы Жеңістің 65 жылдығы на орай біздің отандастары мыздың ерлігінің құрметін Қазақстан Елшілігі Ақтөбе об лысының әкімдігімен бірлесі Ржев қаласында қазақстанды жауынгерлерге арналған мемо риалдық кешен салды. Сода бері қазақстандықтар, әсіресе ақтөбелік тұрғындар қасиет орынға барып тұрады.

Ұлы Жеңістің 73-ші жылдығы қарсаңында мемориал толық тай қалпына келтірілді. Ол тағы бір колоннамен толығып, гра нит плиткасы ауыстырылды кеспетастар төселіп, кешенні жарығы орнатылды. Сонымен қатар, «Туғанжер» тұғыры қайта жаңартылып, маңындағы аумаққа орындықтар, қоқыс жәшігі, гранит құмыралар қой ылды, гүлдер отырғызылды.

Іс-шара барысында Бердібе Сапарбаев қазақстандықтар дың Ұлы Отан соғысы жылда рында ерлік көрсеткен өз ба тырларын әрдайым есін алып, құрметтейтіндіктері атап өтті.

- Жеңіс күні – ең маңызд мерекелердің бірі. Фашизмд жеңу халқының бірлігі, соғыс алаңдарындағы жаппай ерлі пен тылдағы төзімді еңбекті арқасында болды. Соғыс жыл дарында Ақтөбе облысының 122 мыңнан астам тұрғыны майданға аттанды, оның ішінде


Ақтөбе қаласындағы 101-ші атқыштар бригадасы атындағы көше
Суретке түсірген Есет Саргузин

# күні

36 мың адам қаза тапты. Біз елімізді қорғап, әлемді құтқарған аға буынның ер-ліктерін ешқашан ұмытпаймыз.

Құрметті соғыс ардагерлері және тыл еңбеккерлері! Осы жарқын күні сіздердің ұлы ерліктеріңізге, батылдықтарыңыз бен табандылықтарыңыз үшін шынайы құттықтаулар мен алғыс сөздерді қабыл алыңыздар, - деді облыс басшысы.

Өз кезегінде, Иманғали Тасмағамбетов барлық қажетті құрылыс жұмыстарын өткізген Ақтөбе облысының әкімдігіне кешенде жерленген адамдар мен туыстарының атынан алғысын білдірді.

- Бүгін біз адамзат тарихындағы ең қанды Ржев шайқасына қатысқан екі атқыштар бригадасының жауынгерлеріне құрмет көрсетеміз. Шайқастың аяқталғанына 75 жыл болды, ал шығындары аяғына дейін саналмаған. Біздің міндетіміз - балаларымыз бен немерелерімізге, ата-бабаларымыз айтқан соғыс туралы шындықты жеткізу, - деді, дипломатиялық миссия басшысы.

Тверь облысының губернаторы И.Руденя Ақтөбе облысының тұрғындарына атқарған жұмыстары үшін алғысын білдірді.

Іс-шараның жалғасы ретінде Ақтөбе және Тверь облыстарының шығармашылық ұжымдарымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Олар соғыс жылдарындағы танымал әндерді орындады.

Бұдан басқа, Ржевтің ҰОС ардагерлеріне ақтөбеліктердің атынан естелік сыйлықтар табыс етілді.

Салтанатты рәсім мемориалдық кешенді Ржев қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы келісімге қол қойылған соң аяқталды.

**Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметі http://aktobe.gov.kz**






**На фото Н.Мухаметхузина с внуками**

# ВОЙНА В МОЕЙ СУДЬБЕ

**В 1930-1933 годах при раскулачивании села Ахмерово Новосергиевского района Оренбургской области в город Котлас Архангелькой области выслали и мою бабушку Марьям Зарифовну Зианбетову с двумя сыновьями. Из архангельских лесов ей с сыновьями удалось сбежать.**

**Мухаметхузина (Зианбетова) Наила Файзрахмановна- ветеран труда СССР и РК, отличник просвещения Республики Казахстан, почетный профессор Актюбинского педагогического института член Совета Старейшин «Шатлык»**

И добралась она до Каракалпакстана (Каракалпакская Автономная Советская Социалистическая Республика). На момент побега старшему ее сыну было где-то 12-13 лет. Так моя семья оказалась на Каракалпакской земле.

Родилась я в Кегейлинском районе Каракалпакской АССР. Мой отец Зианбетов Файзрахман Шакирович родился в 1918 году в селе Ахмерево Оренбургской области. Когда его забрали на фронт, мне было всего 18 дней отроду. До войны мой отец проработал бухгалтером в райпо. В 1942 году он после учебы в Хабаровском минометном училище принимал участие в боях за Сталинград в звании старшего лейтенанта и командовал ротой войсковой части 973, где и пропал без вести. Об этом свидетельствует справка из архива Министерства обороны СССР от 18.11.1979 года. Его имя увековечено в памятных списках воинов, погибших в период Сталинградской битвы. Списки оформлены в форме алфавитной картотеки. Также он занесен в книгу «Естелік» (2 часть, 1994г.в), изданной в Каракалпакстане и на стеле у въезда в район Кегейли тоже есть его имя.







В 1942 году в возрасте 17 лет районным военкоматом Кегейлинского района на войну призвали и младшего брата моего отца, то есть моего дядю Зианбетова Талгата Садыковича. О нем известно лишь то, что в 1944 году он принимал участие в боях за город Яссы. А в последнем письме, которое он написал от 06.09.1944 года было написано: «Я сам в данный момент вступил в бой с войсковой частью 89433, если со мной что-ибудь случиться, можете узнать у командира полевой почты 894333. Жив, здоров, нахожусь на территории Венгрии». После этого связь с ним прервалась. В архивной справке Министерства обороны СССР также подтверждается, что он пропал без вести в сентябре 1944 года, будучи командиром стрелкового взвода 20 гвардейского воздушно-десантного стрелкового полка в звании младшего лейтенанта. Про моего дядю Зианбетова Талгата Садыковича известно очень мало. Мы знаем только то, что он участвовал в боях за город Яссы и то, что он пропал на территории Венгрии. Я очень много и долго искала хоть какую-нибудь весточку, информацию о своем дяде, но не нашла.




Другой мой дядя Зианбетов Рамазан Садыкович прошел всю войну. В октября-ноябре 1942 года его назначили в качестве военного переводчика (он знал фарси и тюркский языки) и направили на охрану проведения переговоров «большой тройки», лидеров трех стран: Ф.Д.Рузвельта (США), У.Черчилля (Великобритания) и И.В.Сталлина (СССР) в Тегеран. В 1944 году был переведен начальником заставы в городе Ашхабад, где служил и после войны до 1952 года. В 1952 году произошла демобилизация, и он начал службу начальником военизированной пожарной части в городе Небит Даг в составе МВД СССР. Вышел в отставку в звании майора. Всю жизнь он занимал высокие посты, был военнообязанным, поэтому вся информация, о нем была строго засекречена. Он много не рассказывал о своих походах, свидетельством которых было большое количество медалей, орденов и благодарственных писем.

После того, как всех ее сыновей забрали на войну, бабушка взяла меня под свою опеку. Всю свою жизнь она посвятила мне. Мама так и не вышла замуж. Она работала воспитателем в детском саду, потом работала швеей. Как такого у нас в Кегейли войны не было, то есть не стреляли, не бомбили, но было очень тяжело. Мы еле выживали. Если есть, у кого одна корова в деревне, это уже было что-то. Каракалпакия считалась отсталой страной, и к нам присылали учителей из РСФСР. Нам нечего было одевать, мы все ходили в фуфайках. Нормальное пальто мне купили только тогда, когда я окончила школу. Собирали хлопок днем и ночью. Так я поступила в Каракалпакский государственный педагогический институт. Закончила я институт в 1962 году с отличием, после чего осталась там работать. Так и началась моя самостоятельная, взрослая жизнь.

Вскоре я вышла замуж и мы с мужем по семейным обстоятельствам переехали в Актобе, где я проживаю по сей день. 40 лет я проработала в стенах Актюбинского педагогического института. С большой тоской я вспоминаю о своем родном селе, где прошло мое не простое детство.

**Страницу подготовила Ажаргуль КУНАРОВА**

Ғылыми қауымдастық Научное сообщество Scientific community

***7-18 мамыр аралығында «Қазақ әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Мира Рашидқызы Балтымова сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық аясында Ресей Федерациясы Татарстан Республикасының Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университетінде "Шығыс әдебиеті" пәнінен дәріс оқыды. Сапардан келу бойына ғалымның бізбен бөліскен әсерлерін назарларыңызға ұсынамыз.***



# ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНА ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ

**- Мира Рашидқызы, Сіздің ғылыми-әдістемелік еңбектеріңіз алуан тақырыптығымен көңіл аударады. Ғылыми-зерттеу аяңыз жыл сайын кеңеюде.**

- Әдебиетімізде ХХ ғасырдың ІІ жартысында М.Әуезовтің "Абай жолы" роман-эпопеясынан бастау алып, І.Есенберлиннің "Көшпенділер" трилогиясымен жалғасын тапқан тарихи романдар қатары бүгінгі күні көбеюде. Тарихи роман дегеніміз - көркем шығарма әрі тарихи дерек, тілдік құжат. Ұстазым Ә.Молдахановтың жетекшілігімен І.Есенберлиннің "Көшпенділер" трилогиясын жанр және поэтика тұрғысынан зерделеуді бастағаннан кейін, қазақ әдебиетіндегі тарихи романдарды кеңірек, әрі өзге ел әдебиеттеріндегі тарихи романдармен салыстыра зерттеу идеясы туындады. Себебі тарихи көркем туындылар әр халықтың шежіресінен сыр шертетінімен құнды.

**- Сізге қарап отырып, ғылыммен шұғылдану моделін көргендейміз. Нәтижелерге қол жеткізу үшін. Ол – тынымсыз еңбек, тақырыпқа жоғары қызығушылық, тәртіп. Солай ма?**

- Дұрыс айтасыз, осы модельді тарқатып көрейік. Жоғары мектепте ұстаздық ету ғылыммен шұғылданумен тығыз байланысты екені мәлім. Белгілі бір идеяны ғылыми айналымға енгізу қыруар еңбекті қажет етеді. Әдебиеттану саласында еңбек ету көркем шығарманы оқумен және әдеби процестің тыныс-тіршілігімен таныс болумен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда университетімізде халықаралық байланыстар аясы күннен күнге кеңейіп келе жатқанда ғылыми еңбектерімізді қазақ тілінде жазып қою аздық ететіні байқалады, себебі шетелдік ғалымдар, ұстаздар мен студенттер қазақ ғылымы мен әдебиетінің көркем туындыларын қазақ тілімен қатар, орыс, ағылшын және т.б. шет тілдерінде оқығысы келеді. Ал классик жазушы Л.Толстойдың сөзімен айтқанда, "ғылымның ісі - адамға қызмет ету" болса, ғылымхатымыз адамзат игілігіне татитындай болуы керек... Осы талаптардың бигінен көріну үшін тәртіпке бағынған үздіксіз еңбек қажет.

**- Ғылым жолындағы Сіздің жеке қасиеттеріңізге қызығып, ұқсап бағатын шәкірттеріңіз бар ма?**

- Хакім Абай "Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болатынын" айтады. Бәріміз де жақсы ұстаздан тәлім-тәрбие алғандықтан, белгілі бір жетістіктерге қол жеткізіп келеміз. Егер мені де жақсы ұстаз деп танитын жастар болса, бұл көңіліме қуаныш ұялатары сөзсіз. Жиырма жылға жуық ұстаздық қызмет жолында жастармен, соның ішінде Жанат Сүлейменова, Марғұлан Нұрмағанбетов, Ақсамал Шамғонова, Бекарыс Олжабаев, т.б. сынды талапты әрі талантты шәкірттермен жұмыс жасадым, олардың жеткен жетістіктері үшін қуанып жүремін және әлі де талай биіктерді бағындыратынына сенемін.



**- Шетелдік студенттер алдында дәріс оқып жүрсіз. Олардың білім-ғылымға қызығушылық деңгейін байқай алдыңыз ба?**

- Сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық аясында Ресей Федерациясы Татарстан Республикасының Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университетінде 7-18 мамыр аралығында "Шығыс әдебиеті" пәнінен дәріс оқыдым. Дәріс тыңдаған "Орыс тілі мен әдебиеті", "Татар тілі мен әдебиеті және шет тілі" мамандықтарының 3-курс студенттерінің арасында татар, орыс, түрікмен жастары болды. Студенттердің көркем әдебиетке деген қызығушылығы, сондай-ақ туған әдебиеттерімен қатар, шетел әдебиеті бойынша да білімдерінің жоғары деңгейде екені байқалды. Дәріс соңындағы пікірлерінде студент жастар шығыс әдебиетінің көрнекті туындыларын оқып шығатынын айтты. Олар қоштасу кешінде ұстаздарымен қосылып Шәмші Қалдаяқовтың "Ана туралы жыр" әнін татар тілінде шырқағанда, "тәрбиелеу - халықтардың бойына білімге негізделген этикалық игіліктер мен өнерлерді дарыту" деген әл-Фараби бабамыздың сөзі есіме оралды.

Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университетінде сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық аясында дәріс оқумен қатар, ғылыми мәжілістерге қатыстым:

7 мамыр күні арналған "Тіл мен әдебиетті оқытудың өзекті мәселелері" бойынша филологтарға арналған Халықаралық ғылыми-практикалық семинар өткізіп, "Тарихи романдарды оқытуда жобалау әдісін қолдану" туралы баяндама жасадым. Семинар барысында Қазақстан мен Ресейдегі білім беру жүйесінің ұқсастығы мен айырмашылықтары туралы қызу пікірталас өтті.

14 мамыр күні «Тілдік, әдеби және мәдени байланыстар» атты Халықаралық түркологиялық семинарға қатысып, "Шығыс әдебиетіндегі Құран сюжеттері" туралы баяндама жасадым. Набережные Челны қаласындағы жоғары оқу орындарының басшылығы, ғалымдары мен ислам қауымдастығының өкілдері қатысқан семинар аясында дөңгелек үстел өткізіліп, қазақ-татар әдеби байланыстары, түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениеті дамуындағы көне ұйғыр жазуының рөлі, Татарстан Республикасының оңтүстік-шығысындағы ойконимия ерекшеліктері, ғылым саласындағы діни және білім беру мекемелерінің өзара байланысы және т.б. мәселелер талқыланды.

16 мамырда "ХХІ ғасырдағы филологияның өзекті мәселелері" атты ІІ Бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, пленарлық мәжілісінде "Марокко жазушысы Әбд әл-Карим Ғалляб шығармаларындағы патриотизмге тәрбиелеу мәселелері" туралы баяндама жасадым. Конференцияның кіріспе сөзінде НМПУ ректоры А.А. Галиакберова «Орыс сөзі әлемінде» атты жобамен таныстырып өтті. Ғылыми жиын барысында тіл тарихы, орыс және шетел қаламгерлерінің шы-

ғармашылығы және бүгінгі әдеби процесс проблематикасы, тиімді билингвизм проблемалары, Федералды мемлекеттік білім беру стандарттары (ФГОС) талаптарын жүзеге асыру барысындағы тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі мәселелері талқыланды.

18 мамырда "Педагогтың кәсібилігі мен құзіреттілігі бүгінгі білім берудің дамуының негізі" атты педагог қызметкерлердің YII Форумына қатысып, пленарлық мәжілісте "Түркі халықтарының педагогикалық мұраларын жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде қолданудың ерекшеліктері" тақырыбында баяндама жасадым, бұл Форум аясында өткізілген "Білім берудің әртүрлі сатыларындағы ФМБС (ФГОС) жүзеге асырылуы" тақырыбындағы Бүкілресейлік ғылыми-әдістмелік конференция материалдарында жарияланды. Форумға Ресей Федерациясы Татарстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің қосымша білім беруді дамыту бөлімінің бастығы Р.И.Шаяхметова, Набережные Челны қаласының атқару комитетінің Білім беру және жастар ісі жөніндегі Басқармасының бастығы В.Х.Харисов, Мәскеу қаласы білім департаментінің өкілі И.В.Воронкова және белгілі педагог, психолог ғалымдар қатысты. Форумда ғылыми-әдістемелік конференция мәселелері бойынша секцияларда ғылыми баяндамалар талқыланып, дөңгелек үстел, шеберлік сағаттары өткізіліп, "Мен ФМБС-ты (ФГОС) жүзеге асырамын" атты Бүкілресейлік конкурс жеңімпаздары марапатталды.

**- Жуырда Сіздің ғылыми шығармашылығыңыздан қандай жаңалықтар күтеміз?**

- Қытайлық және қазақстандық филолог ғалымдарымен бірлесе "Қазіргі Қытай әдебиеті" бойынша оқу құралын дайындап жатырмыз. Сонымен қатар гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша Ресей Федерациясының Орал МПУ, Набережные Челны МПУ және Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ғалымдарының бірлескен ұжымдық монографияларын дайындауды жоспарлап отырмыз.

**Әңгімелескен Гүлнара ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ**

# SHARING KNOWLEDGE IS MY OUTCOME

This year I have been given a great opportunity to participate in the training program conducted by the British Council. It is the UK's international organisation for cultural relations and educational opportunities.

The British Council has been working in Kazakhstan since 1994 and is an integral and important part of the UK's bilateral relationship with Kazakhstan. They focus on developing English language skills, providing internationally recognised examinations, increasing the capacity of vocational and higher education institutions and contributing to UK and Kazakhstani partnerships and collaboration with arts.

I have attended a two-week Trainer Development Course. The training was held in Almaty from 19th February till 4th May. The aims and objectives of the course were to learn how to create and deliver motivating and effective workshops for teachers of the English language. The course comprised seven workshops. The introductory workshop focused on teaching and training roles, and transferable skills. Subsequent workshops explored learning styles, motivation, feedback, materials evaluation, and practical delivery issues.

Upon completion of that course we have had to conduct the series of our own workshops based on the materials of the British Council for pre-service, school and university teachers.

I have decided to choose the most pressing topics for my workshops, which will be new and interesting for my future participants.



The first workshop "Elicitation, concept checking" was held on 10th April 2018 for the pre-service teachers of the second course of the Foreign Philology Department, which was attended by 16 students. The outcomes of the workshop were to learn how to create a questionnaire, accurately form questions with 'wh' question words and auxiliaries, analyse question elements, identify and explain common learner mistakes with question forms, use elicitation and concept-checking techniques, apply intonation to express different types of question, adapt questioning activities for the classes, because effective questioning involves both teacher and student. The seminar was held in interactive form, which allowed to involve all participants in the educational process.

The second two-hour workshop "Asking questions and eliciting" was conducted on 13th April 2018 for the teaching staff of the Faculty of Foreign Languages, which was attended by 19 teachers. The aim of the workshop was to study various types of questions and techniques for their effective use in teaching English. At the end of the seminar the participants were provided with certificates and branded presents from the British Council. For me as a trainer it was really a challenge to deliver the workshop to my colleagues, who are more experienced and knowledgeable, but their feedback was very inspiring and constructive. It helped me to become more confident in my future sessions.

The third workshop "Teaching speaking" was held on 24th April 2018 for the pre-service teachers of the second course of the Foreign Philology Department, which was attended by 16 students. The outcomes of the workshop were to learn to use the language of debate, take part in a group debate, describe the types of learners they teach, demonstrate ways of teaching speaking, identify different elements of the communicative approach, set up a pyramid discussion. The students took an active participation in that seminar, showing great interest to the idioms for describing learners. As in creating a learner-centered classroom, there is little more important than knowing just your students' names. You should know their habits, interests and personalities. By knowing them, you can come up with creative ways to motivate them to work. As in a learner-centered classroom students are responsible for much of their own learning and must be motivated to want to do the work. So there are different types of students that you might find in your class. For instance, Eager beaver – someone who works hard and is very enthusiastic or Copycat – someone who copies another person's work.

The fourth two-hour workshop on the same theme "Teaching speaking" was conducted on 2nd May for 15 school and 5 university teachers. At the end of the seminar the participants were provided with certificates and branded presents from the British Council.

Now I am going to take part in the international scientific conference "Integrated Learning to Values for Human Development", which will be held on 15 – 16 June 2018 in K. Zhubanov Regional State University of Aktobe. The workshop topic I have chosen is "Teaching Speaking" , which is quite relevant nowadays. Speaking is one of important skills that need to be acquired by students of EFL because sometimes success is measured in terms of the ability to carry out a conversation in the (target) language. Teaching students to speak English might become a problem for some EFL teachers. This is not an easy task for teachers to make their students speak because the language is not spoken in the community and also they have less exposure to the language itself. Just as Jeremy Harmer said, to facilitate students with the 'new' language, teachers should have students exposed to the language, understand its meaning, understand its form (how it is constructed) and practice it. Therefore, in order to encourage their students to speak, teachers must do something different than they usually do in teaching other skills. Teachers can create more enjoyable speaking class by doing some activities such as role-play, discussion or some kinds of games to promote students' speaking ability.

Many linguists and language teachers agree that students learn speaking skills best through "interacting". Teachers should try to use "real" situations that require communication and collaboration (working together) between students.

I hope that my future workshops and trainings would be successful and helpful for my participants as the main aim of the British Council program is to share knowledge with other teachers of English as a Foreign Language.

**Olga Furman**
**Teacher of Translation and Interpreting Departament**

Ұстаз бен шәкірт ● Учитель и ученик ● A teacher and a pupil

**БҮГІНГІ КЕЙІПКЕРІМІЗ ЖАС ТА БОЛСА ОРТАСЫНА ҚАДІРЛІ, МАДАҚТАП-МАҚТАУҒА ЛАЙЫҚ ҰСТАЗ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ,ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ АСЛАН БУКИМБАЙҰЛЫ ТАСМАҒАМБЕТОВ ТУРАЛЫ СЫРЛЫ СҰҚБАТ.**
**ӘҢГІМЕЛЕСКЕН САНДУҒАШ БАЙҒҰЛҚЫЗЫ.**



# ТӘЛІМДІ ШӘКІРТ- ҰСТАЗДАН...

**- Аслан Букимбайұлы, дәстүрлі сұрақтан бастасақ. Білім саласындағы еңбек жолыңыз қашан басталып еді және қалай жалғасты? Осы жөнінде айта кетсеңіз...**

- 1999 жылы облыстық физика-математика мектеп-интернатын үздік аттестатпен тәмәмдап, жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіне оқуға түстім. 2003 жылы университетті «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы бойынша «үздік» бітіріп шықтым. Сол жылы ғылыми жұмыспен айналысуға бейімділігін танытқан түлек ретінде экономика факультетінде оқытушылық қызметке қалдырды. Педагогтік саладағы қызметім осылай басталды. Ал, 2008 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аспирантурасына түсіп, кандидаттық диссертацияны сәтті қорғап шықтым.

«Әлемдік экономика және маркетинг» кафедрасында қызмет ете жүріп, «Глобус» студенттік ғылыми қоғамына жетекшілік еттім. Кафедраның әдістемелік секциясын басқардым. 2 жыл факультеттің «Жас ғалымдар кеңесінің» төрағасы болдым. 2008-2009 оқу жылында экономика факультетінде ғылыми жұмыстар жөніндегі декан орынбасары қызметін атқардым. 2009-2010 оқу жылында Білім сапасын бағалау және мониторингі бөлімінің басшысы болып қызмет еттім. Сол жылы «Жас ғалым» номинациясы бойынша Ақтөбе облысы Әкімінің сыйымен марапатталдым.

2010-2015 жылдары «Экономика және менеджмент» кафедрасының доценті болып жұмыс жасадым. Ал, 2015 жылы «Экономика және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі міндетін атқардым. Ал қазіргі қызметімді білесіз...

**- Қазіргі лауазымды қызметіңіз сізге одан әрі жауапкершілік артқан болар?..**

- 2017-2018 оқу жылынан бастап факультет деканы қызметіне тағайындалғанда маған жауапкершілік жүгінің артқанын сездім.

Ұстаздардың ұстазы болуы оңай еместігін түсіндім. Бұл қызмет мені адами ресурстарды басқару туралы терең ойландырады. Қазіргі уақытта студенттердің әлеуетін, қызығушылықтарын қалай көтеруге болады? Батыл мақсаттарға жету үшін өзгелерді соңымнан қалай тарта аламын? - деген сұрақтардың жауабын жиі қарастыратын болдым. Осыған дейін бір ғана кафедра мен кафедраға қарасты мамандықтардағы студенттермен кафедра меңгерушісі ретінде жұмыс жасадым. Ал, қазіргі сәтте 70-тен аса профессор-оқытушылар, 1000-нан астам студенттің оқуымен қатар, тәрбиесіне жауап беремін. Ғалымдар қауымымен жұмыс жасау менің тұлғалық өсуіме үлкен мүмкіндіктер берді. «Үйрете отырып, өзің де үйренесің» деген сөз менің өмірлік ұстанымыма айналды.

**- Жұбанов университетінде экономика саласында 6 бағыт бойынша мамандар дайындалады. Соңғы кезде елімізге экономистер мен заңгерлердің қажеті жоқ көбіне «техника саласының мамандары қажет» деген әңгімелер жиі айтылып жүр. Осыған көзқарасыңыз?**

- Жоғарыда атап өткендей, факультет 7 бакалавриат (5В050600 -Экономика, 5В050700-Менеджмент, 5В050800-Есеп және аудит, 5В050900-Қаржы, 5В051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару, 5В051100-Маркетинг, 5В030100 - Құқықтану), 6 магистратура (6М050600-Экономика, 6М050700-Менеджмент, 6М051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару, 6М051100-Маркетинг, 6М052000 -Іскерлік әкімшілік жүргізу, 6М030100-Құқықтану) білім беру бағдарламалары бойынша қызмет көрсетеді.

Осы уақытта қаншама түлек қара шаңырағымыздан білім алып, әр түрлі қызмет саласында жұмыс жасауда. Республикалық, облыстық деңгейде түрлі мемлекеттік, жекеменшік секторларда ел экономикасын көтеруде өз үлестерін қосуда. Сол себепті, факультетте дайындап жатырған мамандықтардың «қажеті жоқ» деген пікірмен келіспеймін. Облыс деңгейінде бірқатар басшылық қызметте жүрген түлектерімізді мақтанышпен айта аламын.

Биылғы 2017-2018 оқу жылында жалпы 232 студент оқу бітіреді деп жоспарлануда, олардың 155 студенті – экономикалық бағыттағы мамандықтарды, ал 77 студент «Құқықтану» мамандығы бойынша аяқтайды. ЖОО аяқтаған соң 81% түлек жұмысқа орналасады. Қызыл дипломмен 24 студент аяқтағалы отыр, олардың 80% жұмыспен қамтылған, 40% өз білімдерін магистратуда жалғастыруды жоспарлауда.

Қазіргі заманда әлем дамуының жаңа тенденциялары, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өзгерістер жоғары білімнің осы жағдайларға бейімделуін талап етеді. Соған орай, жоғары білімнің мәні бойынша жоғары оқу орындарының басты мақсаты ретінде реформа жағдайында өзіндік өмірлік және кәсіби траекториясын таба алатын, білгеннен іс-әрекетке көше алатын, өзіндік ішкі мүмкіндіктерін мейлінше кең дәрежеде таныта алатын мамандарды тәрбиелеп шығаруымыз керек. Сондықтан, әлемдік жаһандану талаптарына сай экономикалық нарықтың ерекшеліктерін ескеру қажет. Бүгінгі таңда факультетімізде 1276 сту-

дент білім алуда, оның 232-і жоғарыда көрсеткендей бітіруші курс студенттері. Дайындап жатырған білім беру бағдарламалары бойынша түлектеріміз сұранысқа ие, барлығы да жұмыспен толығынан қамтамасыз етіледі деген сенімдемін.

**- Мақтан тұтатын факультет түлектері жайлы айта кетсеңіз?..**

- Әрине, шәкірттің жетістігі ұстазы үшін зор бақыт. Мен үшін әр түлектің орны ерекше, әрқайсысымен мақтана аламын.

Мәселен, Мұғалжар ауданының әкімі Ербол Данағұлов, «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің коммерциялық сұрақтар бойынша бас директордың бірінші орынбасары Төлеміс Шотанов, «Нұр Отан» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айбек Сағиев, Ақтөбе облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп Департаментінің сауда бөлімінің бастығы Дархан Ермағамбетов, Ақтөбе облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының өнеркәсіп бөлімінің бастығы Нұрбол Аймағамбетов, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарма төрағасы Абай Саркулов, Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімінің орынбасары Ғалым Қобландин және қазірде ғылыми жұмыстармен айналысатын Мадина Қарабалина, Аяжан Зәкіржан сияқты студенттерімді айтар едім...

**- Шәкірттеріңіз хабарласып тұра ма?**

- Әрине, менің шәкірттерім — менің мақтанышым! Шәкірттеріммен үнемі байланыс жасап тұрамын. Алдағы уақытта факультетте танымал түлектердің бұрышын дайындау жоспарда бар. Сондай-ақ факультетте түлектер қауымдастығы да құрылған. Бірлесіп дайындаған жобаларым да бар. Олардың ғылыми жұмыстарына рецензия беріп, консультациялық кеңестерімді айтып отырамын.

**- Өзіңізді қай ұстаз мақтанатын шәкіртпін деп ойлайсыз?**

- «Ұстаз - ұлы есім» - дейді, Мұхтар Әуезов. Иә, расында да, «Ұстаз» деген сөздің астарында мән-мағынаның бәрі бар: білім мен ғылым, махаббат пен сүйіспеншілік, мейірімділік пен мейірбандық, талапшылдық пен турашылдық...

Әрбір баланың тұлға болып қалыптасуына, дүниедегі әрбір мамандық иесінің болашаққа қанаттануына себепкер болатын жанашыр, ізденімпаз адам – «Ұлы ұстаз» дер едім.

Менің ойымша, әр шәкірттің жанына жақын келетін, ең сүйіктісіне айналатын, өмірлік ұстанымдарының жаршысы болатын ұстазы болады. Менің де сүйікті ұстазым бар.- Ол елімізге танымал тұлға – экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, марқұм Байжомартов Үкітай Серікбайұлы болатын. Ол кісінің ғибрат алар әрбір сөзі, адамдармен қарым-қатынасы еңбек жолы, бәрі-бәрі мен үшін – үлгі-өнеге болып еді. «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан», - деп Абай хәкім айтпақшы, ұстазымнан көп нәрсені үйрендім және ол да шәкірті ретінде менімен мақтанатын.

**- Сіз шәкірт тәрбиелеп, тәжірибе жинақтап барып отбасын құрған екенсіз... Өз балаларыңызды өсіру, оларға дұрыс бағыт беру оңайлау болған шығар?**

- Бала тәрбиесінің басында ең алдымен ата-ана, содан кейінгі орында мектеп, яғни ұстаз тұрады. Баланың бойындағы адамгершілік, кішіпейіл-ділік, қайырымдылық, әдептілік сияқты жақсы қасиеттердің бәрі отбасынан сіңеді. Қазақ «әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», - деп ата-ананың бала санасына тигізер әсерін дөп басып айтқан. Баланың жан-жақты жетілуіне әкенің де, шешенің де әсері зор. Бала тәрбиесіне мен уақыт табамын деп айтуға болады. Бала болашығымыз, біздің жалғасымыз, сондықтан олардың келешегіне немқұрайлылық танытсақ, кейін оған өзіміз кінәлі боламыз.

Отбасымда екі қызым мен бір ұлым бар.Үлкенім Айгерім Благодар орта мектебінің 5-ші сыныбында оқиды, екінші қызым Алина мен ұлым Әділнұр балабақшада. Алина би билегенді ұнатады. Болашақта менің жолымды қуып экономист болғысы келеді.

Өзім мектепті, жоғары оқу орнын үздік бітіргеннен кейін, балаларыма да сондай талап қоямын. Тәртіпті, үздік оқушы болуын қалаймын. Мерекелерде балаларыммен бірге қыдырамын. Аулада ұнатқан кәуаптарын дайындаймын. Ұлымның қойған сұрақтарына қызығылықты жауап беруге тырысамын.

**- Әңгімеңізге рахмет! Толағай табыстарыңыз көп болсын!**



# ШӘКІРТТЕР ЛЕБІЗІ

**Ғалым Қобландин, Мұғалжар ауданы әкімінің орынбасары, университеттің 2007 жылғы түлегі**



Ұстаз барлық уақытта өз биігінде, өз тұғырында қала беретін текті тұлға! Осынау азды-көпті өмір сүрген кезеңде көптеген ұстаз алдынан өттік, айтқан ақылын тыңдадық, сөзін көңілге тоқыдық, білмегенімізді біліп, кемшілігімізді түзедік. Олардың қай-қайсысы да көкірек сарайымызда осы күнге дейін жарқырай жанып, жол сілтеп, бағыт-бағдар ұсынып, болашағымыздың бағдаршамы болып келе жатқаны да айдай ақиқат.

Бұл күнде өткенге ой жіберіп, арғы-бергіні таразылай бастасам, ұлағаты мол ұстаз – Аслан Букимбайұлы есіме түседі.

2003 жылы Ақтөбе қаласына келіп, Жұбанов университеттің экономика факультетіне оқуға түскенде біз әлі бала едік, әлі оң-солымызды да танып үлгермеген кезіміз. Міне, сол шақта бізге куратор болған ұстаз – осы Аслан Тасмағанбетов еді.

Бүгін ойлап қарасақ, одан бері де талай уақыт зулап өте шықты. Әлі есімде, ол кісі бізге «Маркетинг негіздері» деген тақырыпта дәріс оқыды. Ол кезде, шынын айту керек, бұл мамандық өңірімізде, жалпы республикада енді енгізіліп жатқан болатын. Арада аз уақыт өтпей-ақ Аслан Букимбайұлы өзінің білгірлігімен және өте қарапайым мінезімен бізді өзіне тартып әкетті. Жас маман болса да, бас болып бізге өз мамандығымыздың жетік меңгеруге үлкен үлесін қосты. Қазіргі таңда сол тобымызда білім алған 12 студент экономиканың әр салаларында қызмет етуде.

Әлі күнге дейін ұстазымызбен байланыстамыз, университеттің жаңалықтары мен тыныс-тіршілігімен хабардар болып отырамыз.



**Мадина Қарабалина, «Экономика» мамандығының 2-курс студенті**

Мен 1-курста жүргенімде ғылыми жұмыспен айналысқым келіп, Аслан Букимбайұлын ғылыми жетекші ретінде таңдадым.

Осы екі жыл ішінде біз белсенді жұмыс жасап, ғылыми мақалалар жазып, олимпиадалар, конференциялар мен форумдарға қатысып, жүлделермен оралып жүрміз. Осындай жұмыс барысында қиындықтар кездессе жетекшіме жолығып, ақыл-кеңес сұрап отырамын. Ұстазыммен жұмыс жасау өте ыңғайлы және ол үнемі бізге қолдау білдіріп отырады.

Денсаулық алабы Полоса здоровья Line of health

# НЕСОБЛЮДЕНИЕ ЛИЧНОЙ ГИГИЕНЫ ПРИВОДИТ К ЗАБОЛЕВАНИЯМ



***Несоблюдение личной гигиены может привести к целому ряду заболеваний. Наиболее уязвимыми является молодежь, а самыми распространенными последствиями нечистоплотности остаются заболевания дыхательных путей. А также нарушитель правил личной гигиены может заболеть инфекционными и кожными заболеваниями. Зачем нужна личная гигиена? Что делать, чтобы не заболеть серьезном из-за банального несоблюдения правил личной гигиены? Все о гигиене расскажет Рауза Сагиевна Темиркулова,***



***кандидат медицинских наук, доцент кафедры «Биология», яркий сторонник здорового образа жизни, культуры тела. Рауза Сагиевна многие годы обливается холодной водой и зимой может ходить босиком по снегу. Она расскажет нам об основных правилах гигиены.***

**-Насколько важна личная гигиена студентов?**

-Личная гигиена – это часть общей культуры человека. То есть образованный, современный человек, который считает себя культурным, он не мыслим без соблюдения основных правил личной гигиены. Личная гигиена это понятие достаточно узкое. Мы привыкли, что надо умываться, чистить зубы, держать в чистоте свое тело и так далее. А гигиена в общем имеет в виду и гигиену труда, гигиену жилища, гигиену питания, режим дня. Она важна не только для студентов, но и для каждого человека. Ведь строгое соблюдение гигиены способствует укреплению здоровья, повышению умственной и физической работоспособности и служит залогом высоких достижений.

Особенное внимание уделяет постоянному улучшению условий жизни, здоровья, образования и возможностей всех казахстанцев, а также улучшению экологической среды и глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев в четвертом приоритете государственной программы«Стратегия развития Казахстана до 2030 г.: проблемы и пути их реализации».Вопросы гигиены мы освещаем и в ходе таких дисциплин как «Основы безопасности жизнедеятельности», «Физиология человека и животных». Я веду авторский курс по здоровому образу жизни, где также обширно охватывается данная тема.

**- Расскажите об основных правилах личной гигиены студента?**

- В основе соблюдения личной гигиены лежит: 1. Режим дня, основанный на знании биоритмов человека; 2. Собственная гигиена (гигиена тела, гигиена одежды и обуви, гигиена жилищ, микроклимат); 3. Рациональное питание; 4. Физическая культура и спорт, где основной упор делается на слово «культура». То есть, спорт он односторонне развивает определенные органы, а физическая культура, которая в радость и которая сознательно мотивирует студента, она способствует оздоровлению; 5. Борьба или отсутствие вредных привычек. Это пять китов, на которых держится гигиена.

**- Суточный режим. Что это?**

- Режим дня, то есть суточный режим – это рациональное чередование основных режимных моментов. Сон – еда – работа – отдых. Мы ничего больше не делаем, просто все подводим под эти категории. Суточный режим основывается на индивидуальных биоритмах каждого человека. При правильном и строгом соблюдении режима дня у человека вырабатывается определенный режим функционирования организма. Существуют особенности восприятия, то есть пик работоспособности от 10 до 12 часов, от 15 до 16 часов поэтому их надо учитывать при формировании суточного режима. Но существует еще понятие индивидуальный биоритм. Человек рождается либо совой, либо жаворонком, жизнь его делает голубем. Но педагогика будущего будет более деликатной, личностно ориентированной и возможно будет учитывать эти индивидуальные биоритмы. Тогда уже будут созданы группы или оптимальное время и для жаворонка и для совы. О важности индивидуальных биоритмов должны знать не только врачи, но и педагоги.

**- О часто встречающихся заболеваниях, которые возникают из-за не соблюдения личной гигиены...**

- Анализируя данные по медицинскому осмотру студентов, мы выявили, что на первом месте, также как и среди молодежи по Казахстану в целом, сейчас стоит кариес. Причина кариеса не соблюдение личной гигиены полости рта. Поэтому мы советуем проходить ежегодный медицинский осмотр и посещать стоматолога не реже чем два раза в год. Вторая патология это – какие-то сезонные заболевания, через которых практически проходим все мы. Они связанны с дефицитом витаминов, падением иммунитета. Поэтому в сезон обострения мы проводим беседы со студентами о возможностях оздоровления организма в домашних условиях. В принципе не рациональное питание может принести к определенным нарушениям со стороны кишечно-желудочного тракта, не соблюдение суточного режима может привести к синдрому хронической усталости. Современная медицина считает, что все заболевания возникают из-за нерационального питания.

Одна из причин смертности в современном мире это – заболевания сердечно-сосудистой системы, которые как ни странно возникают из-за неправильного питания. То есть избыток животных жиров, белков, повышенные углеводы и недостаток растительной пищи. Формируя уже такое фундаментальное научно-обоснованное представление о рациональном питании, мы оберегаем своих студентов от ошибок в питании, соответственно сохраняем здоровье.

**- Специфический запах пота - это заболевание или же нарушение личной гигиены?**

- Здесь тоже двойной подход. Просто запах пота это - несоблюдение простых правил личной гигиены, при наличии такого количества антиперспирантов.Элементарно молодому человеку достаточно принимать ежедневно гигиенический душ. Но с другой стороны эти дурные запахи могут быть связаны и с заболеваниями. Потому что нарушение обмена веществ - это целостный процесс и выделительная функция, а кожа - это выделительный орган, выделяет не только пот, но и другие вещества. Это – шлаки, жиры. Больной человек пахнет плохо.

**- Спасибо за беседу.**

**Ажаргуль КУНАРОВА**

## 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
## 31 мая - День памяти жертв политических репрессий и голода
## may 31 - Memorial day for victims of political repression and hunger

# АНАМЫЗ ӘКЕМІЗДІ АМАН КЕЛЕР ДЕП, 20 ЖЫЛ БОЙЫ ҮМІТІН ҮЗГЕН ЖОҚ

**Қазақстандағы тұңғыш репрессия 1928 жылдан басталды. 1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1-хатшысы болып келген Ф.И.Голощекин республиканың саяси-экономикалық және әлеуеттік жағдайымен танысып «Қазақстанға Ұлы Қазан революциясының ешқандай ықпалы болмады, сондықтан мұнда «Кіші Қазан» революциясын жасау керек» деген теріс қорытындыға келіп, республикада репрессиялык шаралар жүргізе бастады. Ол ең алдымен зиялыларға ауыз салды. Солардың ішінде Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, университетіміз есімімен аталатын қазақтың тұңғыш лингвист ғалымы Қ.Жұбанов, т.б. болды.**

**Қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, ғалым Құдайберген Жұбанов 1938 жылы репрессия тырнағына ілінді. Ғалымның қызы Қызғалдақ Жұбанованың Азаттық радиосына берген сұхбатынан үзінді.**


Құдайберген Жұбанов пен жары Раушан Жұбанова. Отбасылық мұрағаттағы сурет.

Ызғарлы 1937 жылдың күзі. Елдегі ұлт зиялыларының ұсталып жатқан кезі. Тарихшылардың жазуынша, репрессияға іліккен азаматтардың басым бөлігі қазақ қоғамындағы кіл белсенділер, азаттық үшін күресіп жүрген азаматтар болған. Мұндай қуғын-сүргінге Құдайберген Жұбановта ілігіп кете барады.

«Сол қарсаңда радиодан «пәлен атылды, түген атылды» деп хабарланып жататын. Оның ішінде папамның болмағанына шүкіршілік етіп жүрдік. Бір күні түрмеге барғанда әкем «киім алып келіңдер, мені лагерьге жібереді» деді. Сөйтсек, лагерьге емес, атуға жібермек болған екен» деп еске алған өз еңбектерінде Қызғалдақтың әпкесі Мүслима Жұбанова.

- Үйде алты бала болдық. Шешеміз, әжеміз, нағашы әжеміз біздің қолымызда болды. Сол 1937-ші жылы анамініммен перзентханада болатын. Мен сыртқа шығып, бірдеңелерді алып келем деп кеткенде, алдымнан екі кісі шығып, біздің үйге кіріп кетті. Әкемнің қайда екенін сұрады. Біз «шығып кетті» дедік. Біраздан соң әкеміз келді. Келе жатқан дыбысын танып, ең үлкен апамыз жүгіріп барып есікті ашпақ болды, бірақ әлгілердің біреуі қолын жұлқып тастап, өздері кіргізіп, сосын кабинетіне қарай сөйлесуге алып кетті.

Есет деген ересектеу ағамыз 8 жаста болатын, әкемізден «олар не деп тұр, папа?» деп сұрайды ғой. Сонда ызаланып: «бұлар мені жау деп тұр, көрерміз әлі, кімнің жау екенін» дейді. Сол кеште алып кетті. Біздер қалдық, - деп еске алады, Қызғалдақ Жұбанова.

Құдайберген Жұбановты Алматыдағы қазіргі Наурызбаймен Қарасайбатыр көшесіндегі НКВД-ның түрмесіне апарып қамап, бірнеше айдан соң атып жібереді. Қызғалдақ Жұбанованың айтуынша, анасы Раушан кінәсіз жұбайын НКВД-ның түрмесінен аман келеді деп ұзақ уақыт үміттеніп жүрген екен. Дегенмен тағдырдың жазуымен бұл үміті ақталмайды. Раушан Жұбанова күйеуінің атылғаны туралы арада 20 жыл өткенде, 1957 жылы бір-ақ біледі.

«Басында ешқайсымыз осыншалықты қиындық болады деп ойлаған жоқпыз. Келетін шығар деп үміттеніп жүрдік. Сол кезде әйелдерін ұстау, балаларын жетімдер үйіне беру сияқты нәрселер болып жатты. Біз одан бейхабармыз. Бірақ «ойбай, елдің бәрін алып кетіп жатыр. Балаларын шырылдатып балалар үйіне беріп жатыр, тезірек елдеріне қайтыңдар» деген жұрттың ақылымен шешем балаларын алып елге қайтыпты. «Зиянымыз тиіп кетер деп» Ахаңа айтудан қорқыпты. Екі-екіден бөлініп, жетіппіз әйтеуір. Елге барғандағы өмірдің өзі бір эпопея», - дейді, Қызғалдақ Жұбанова.

Ғалымның ұрпақтарының айтуынша, оның еңбектері бүгінгі күнге толығымен жетпеген. Қолды болып кеткендері де бар.

«Үйге үш кісі келіп, кәмпескелеп, жерде жатқан кілемге әкемнің барлық заттарын, еңбектерін, тіпті ілулі тұрған киімдерін орап, алып кетті. Ол кісінің еңбегінің бізге жетуі-жетпеуі неғайбыл еді. Әкем қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде лекция оқып жүрген кезінде лекция тыңдау үшін көп адамдар келеді екен. Солардың бірі Шамғали Сарыбаевқа «Сен староста боласың, осы айтқандарымның бәрін жазыпал, сосын берерсің» деген екен. Сөйтіп жүргенде ұсталып кетеді. Ал соның барлығы сол кісіде қалып қойған.

Ол кісі ауырып, өлерінің алдында Ахаңды шақырып алып: «Ағаңның маған тапсырған тапсырмасы бар еді. Мен оны ешкімге көрсетпей басып дайындап тығып жүрмін» деп беріпті. Енді қорқады ғой айтуға, қараса – қыруар жұмыс екен», - дейді, Қызғалдақ Жұбанова.

Құдайберген Жұбановтың жұртқа танымал еңбектерінің арасында «Қазақ терминологиясы», «Қазақ тілінің грамматикасы» сияқты жұмыстары бар.

**Мақпал МҰҚАНҚЫЗЫ**
**Kmaqpal@gmail.com**
**Азаттық радиосы**



**В Актобе установлен мемориальный комплекс, посвященный памяти жертв политических репрессий и голода. Автор нового памятника местный скульптор Ахмет Кубай. Соавтором выступил старший преподаватель кафедры "Изобразительное искусство, профессиональное и музыкальное обучение", член Союза Евразийских Дизайнеров Конысбек Кобыланов.**

Student cuisine is an art of making a nourishing dish from the minimum quantity of simple and cheap ingredients.

Today a future English teacher Kamila Nurzhanova is sharing her experience. She has been interested in cookery since her childhood. After school classes she liked to watch the program of the chef from Great Britain Jamie Oliver. Thanks to this program she plunged into the world of cooking and learned to cook and bake. She says that at school she made cakes to her friends' orders and now she continues her business.

At the moment she is a first-year student of the Faculty of Foreign Languages of K.Zhubanov University. Except cookery Kamila practices yoga in her free time. Although she is very busy she finds time to make a tasty and fast breakfast for the family. She is sure that breakfast is a basis of a daily diet.

Today she decided to share a simple recipe of "classical cottage cheese pancakes".



# CLASSICAL COTTAGE CHEESE PANCAKES

(КЛАССИЧЕСКИЕ СЫРНИКИ ИЗ ТВОРОГА)







**INGREDIENTS:**

1. 500 g cottage cheese (0%);
2. Flour – 150 grams;
3. 1 egg;
4. 1-2 tbsp sugar;
5. 1 tbsp semolina;
6. 5 tbsp sunflower oil;
7. 1 banana;
8. Pinch of salt.

You will get on average 10 cottage cheese pancakes and spend about 1000 tenge.

**COOKING METHOD:**

1. Stir cottage cheese with egg in a deep bowl.
2. Add sugar and semolina and mix.
3. Add banana and mix again.
4. Heat vegetable oil on a frying pan.
5. Dust the table with flour.
6. Shape the pastry into pancakes and fry.
7. Brown the pancakes on each side, put the cover on the frying pan for 1-2 minutes.
8. Fry other portions and our cottage cheese pancakes are ready.
9. The cottage cheese pancakes have to cool down. You can serve them, having dusted cocoa / sugar powder and decorated with fruit to taste.

It is necessary to fry cottage cheese pancakes on a frying pan on slow fire until they get golden brown. Don't forget to cover the frying pan, so that they will be softer and richer. If you don't have enough time for cooking in the morning you you can make the pastry in advance, freeze it and then fry cottage cheese pancakes at any time convenient for you.

Bon appetit!

**Prepared by Saltanat KUSTANOVA**
**Перевод Натальи ГОЛУБЕВОЙ**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.
**Газет айына бір рет шығады**
Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті
Меншік иесі:
ҚР БжҒМ «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы
Ректор
Бауыржан Ердембеков

Бас редактор
**Гүлнара Қараша**
Тілшілер:
Сандуғаш Дүйсенбаева
Ажаргүл Кунарова
Салтанат Кустанова
Аудармашы:
Наталья Голубева
Дизайнер:
Айгерім Нуршина
Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы, Ә. Молдағұлова даңғылы, 34, 102 бөлме
Тел: 8 (7132) 55 23 21
E-mail: zhubanovpress@mail.ru
Сайт: www.arsu.kz
Facebook: Пресс-служба университета Жубанова
Таралымы: 5000 дана

Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды